

## **Заңды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен берудің бағдарламасын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 шілде N 844. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.13. N 1624 қаулысымен. ~P011624

"1996-1998" жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 P960056\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 3, 17-бап) бекітілген 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспарына сәйкес, халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен берудің бағдарламасы бекітілсін.

2. Балансында әлеуметтік сала объектілері бар заңды тұлғаларға, белгіленген тәртіпте, оларды жергілікті атқарушы органдарға беру туралы ұсыныс әзірлеу және оны облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің қарауына енгізу ұсынылсын.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері тиісті министрліктердің келісімі бойынша заңды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен берудің бағдарламасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың балансына қабылдау-беруді қамтамасыз ететін болсын.

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі индикативтік жоспар мен бюджетті жасау кезінде белгіленген тәртіпте оларды оңтайластыруды ескере отырып, әлеуметтік сала объектілерін ұстауға қаражаттар бөлу туралы мәселе қарастырсын.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы "4" шілдедегі  
N 844 қаулысымен

бекітілген

Заңды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін  
жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен берудің  
Бағдарламасы

I . К і р і с п е

Заңды тұлғалардың (бұдан әрі - кәсіпорын) әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен берудің бағдарламасы 1996 жылғы арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспарына және Әлеуметтік сала объектілерін кәсіпорындардан бөлудің мемлекеттік стратегиясына сәйкес ж а с а л ғ а н .

Нарықтық қатынастарды қалыптастыру жағдайында балансында әлеуметтік сала объектілері бар кәсіпорындардың бірқатарының қаржылық ахуалы нашарлап кетті, бұл олардың халыққа ұсынатын қызметтерінің қысқаруына, сондай-ақ әлеуметтік қызмет көрсетудің кейбір объектілерінің жабылуына әкеліп с о қ т ы р д ы .

Осы Бағдарлама бұл кәсіпорындардың қаржылық жағдайын тұрақтандыру, ақы төлеу негізінде және тікелей тұтынушылар тарапынан қаржыландырылатын қызметтермен қатар ұсынатын әлеуметтік қызметтердің көлемін сақтау мақсатында әзірленді.

2. Кәсіпорындардың әлеуметтік сала  
объектілерінің жай-күйі

Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1994 жылы кәсіпорындардың балансында болған әлеуметтік сала объектілері туралы деректері және 1995 жылға баға беру бойынша кәсіпорындардың балансындағы жұмыс істеп тұрған әлеуметтік сала объектілерінің саны айтарлықтай қысқарған немесе олар өз тұрғысында п а й д а л а н ы л м а й д ы .

1994 жылы жұмыс істеп тұрған бала бақшаларының төрттен біріне жуығы 1995 жылдың ортасына қарай жабылды. Желілердің елеулі қысқаруы балалар сауықтыру мекемелері бойынша байқалады.

Селолық және қалалық жерлерге орналасқан әлеуметтік сала объектілерін ұстауға арналған шығындардың айырмашылығы айтарлықтай. Осылайша

республика бойынша кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерінің селолық жерлердегі тұрғындардың жанбасына шаққандағы шығындары республика бойынша орта есеппен 1994 жылы қалалық жерлердегі шығындардың тек 30 % - т і н қ ұ р а д ы .

Аймақтар бойынша бір тұрғынға шаққандағы кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін ұстауға арналған шығынның айырмашылығы да айтарлықтай: Қызылорда облысындағы 54 теңгеден Маңғыстау облысындағы 630 теңгеге дейін . Олар республика бойынша орташа алғанда 228 теңгені құрайды.

### 3. Басымдықтарды іріктеу амалдары

Олардың әлеуметтік тиімділігі мен бүтіндей алғанда сол аймақ пен республика үшін маңыздылығы, жұмыстарын жергілікті өкімет органдары қамтамасыз етуге тиіс әлеуметтік сала объектілерін іріктеудің негізгі өлшемі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бюджеттік қаражаттардың жеткіліксіздігі жағдайында кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін бір мезгілде тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен қаржыландыруға беру мүмкін емес.

Осыған байланысты берілетін объектілердің басымдылығын айқындау және бұл жағдайда әлеуметтік инфрақұрылымынан бірінші кезекте босату қажет кәсіпорындардың қаржылық жағдайын да ескеріп әлеуметтік сала объектілерін аймақ үшін маңыздылығы бойынша топтастыру керек.

Әлеуметтік сала объектілерін беру мынадай дәйектілікпен жүзеге асырылуы т и і с .

Бірінші топ - бұл қарастырылатын нақты аймақ үшін өте қажетті және кәсіпорынның ұжымы үшін бірінші дәрежелі маңызды емес объектілер болып табылатын әлеуметтік сала объектілері.

Мұндай объектілерге қарастырылатын аймақ үшін күнделікті әлеуметтік мәні бар мектептер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері (балабақшалар), денсаулық сақтау объектілері жатады.

Бірінші кезекте осы объектілер бойынша 1996-дан 1998 жылға дейінгі кезеңде жергілікті бюджетке беру жөніндегі жұмыстар жалғастырылуы керек.

1996 жылы конверсияланған кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін беру жөніндегі, сондай-ақ Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан Бүкіләлемдік Даму және Қайта жаңарту Банкінің Әлеуметтік қорғау жобасында қарастырылған кәсіпорындар бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Балансында негізінен бүкіл қалалық әлеуметтік инфрақұрылым бар бір ғана үстем кәсіпорынды қалалар мен қала үлгісіндегі поселкелер айрықша проблема құрайды. Мұндай объектілерді беру облыста жүргізілген әлеуметтік сала объектілері желісін нығайту ескеріліп жүзеге асырылуы тиіс.

Екінші топ - бірінші топқа кірмеген және аймақ пен кәсіпорын үшін бірінші

дәрежелі маңызы бар әлеуметтік жағдай жасамаған әлеуметтік сала объектілері.

Мұндай объектілерге жергілікті жерде олардың сол аймақ үшін маңыздылығына қарай оларды жергілікті бюджетке беру туралы шешім қабылданатын немесе басқа нұсқаулар: өзін өзі қаржыландыруы, жекешелендіру, жалға беру, басқаруға беру, қайта бейіндеу және с.с. қарастырылатын спорт мекемелері, демалыс үйлері, балаларға арналған жазғы лагерьлер, кітапханалар, мұражайлар мен көрмелер, мәдениет сарайлары мен үйлері, санаторий-профилакторийлер және басқалары жатады.

Үшінші топ - кәсіпорынның ұжымы үшін бірінші кезекті әлеуметтік жағдай жасаушы және кәсіпорынның өзінің қызметі үшін айтарлықтай маңызды мәні бар әлеуметтік сала объектілері.

Мұндай объектілерге әлеуметтік сала объектілерінің жалпы көлемінде елеулі үлесі бар ведомстволық тұрғын үй қоры жатады. Кәсіпорындардың балансындағы тұрғын үйдің 80 проценттен астамы жекешелендірілген және азаматтардың жеке меншігінде. Соған қарамастан үйлер кәсіпорындар мен ұйымдардың балансында қалып келеді, ал пәтер ақымен және коммуналдық қызметтер үшін төленетін ақымен толық өтелмейтін оларды ұстауға арналған шығыстар тұрғын үй қоры балансында тұрған кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаттары есебінен қаржыландырылады. Алайда, тұрғын үйге меншік құқығын қайта бөлуге байланысты оны ұстаудың тәртібі өзгереді, яғни тұрғын үй-коммуналдық саланың кезең-кезеңмен дотациясыз жұмыс істеуге көшірілуі қ а р а с т ы р ы л а д ы .

Тұрғын үй қорын ұстау және пайдалану жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізу, сондай-ақ тұрғын-үй коммуналдық саланы дотациясыз жұмыс істеу режиміне тезірек көшіру үшін оларға тұрғын үйлерді ұстау және пайдалану жөніндегі қызметтерді жүктеу арқылы пәтерлер (үйлер) иелері кооперативтерін құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажет. Бұл жұмыс 1996 жылы аяқталуы тиіс.

Әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына берумен бір мерзімде аталмыш объектілердің коммуникациялық желісі жөніндегі мәселені (оларды одан әрі пайдаланудың тәртібі, қаржыландыру көзі және т.б.) қ а р а ғ а н ж ө н .

Алайда кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға беру мәселелерін шешу кезінде кәсіпорындардың барлығы бірдей бұл объектілерді бөлуге мүдделі болмауы мүмкін.

Кейбір кәсіпорындар өздерінің әлеуметтік активтерін сақтап қалады және пайдаланады. Мұндай жағдайда олар ұсынатын қызмет түрлерінің көлемін қарастыратын аймақ бойынша сол немесе басқа қызмет көрсетулерге жалпы сұраным есебін де ескеру қажет.

Әлеуметтік сала объектілерін кәсіпорындардың балансынан беру кезеңдерін

айқындау кезінде кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін ауыспалы кезең бойы қолдау жөніндегі мүмкіндігі мен ниетін немесе оларды одан кейін кәсіпорын жергілікті атқарушы органдармен олардың бейінін қаржыландыру және сақтау мәселесін шешуін келісу шартымен бұл әлеуметтік объектілерді қайтарып алуға құқықты болуын ескеруі қажет.

Кәсіпорынның әлеуметтік сала объектілерін одан әрі пайдалануының (ішінара, уақытша) тәртібі мен шарттары жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша айқындалады.

Әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдардың иелігіне беру кезінде оларға қаржыландырудың тиісті бейіндегі бюджеттік ұйымдар үшін белгіленген нормалары мен тәртібі қолданылады. Оның үстіне берілген әлеуметтік сала объектілері бюджеттік қаражаттардың тиісті деңгейін сақтауы жағдайында бюджеттен тыс қосымша көздер (қосымша арқылы қызметтер көрсету, ата-аналардың тұтынушылардың) төлем ақыларын біртіндеп өсіру, демеушілердің қаражаттарын тарту және с.с.) тарта алады.

Әлеуметтік сала объектілерін беру аймақтардың нақты ерекшеліктері ескеріліп, олар жасаған жоспарлардың негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Нақты жоспарды жасау кезінде мынадай принциптерге: пайдалануға жарамды үйлер мен ғимараттарды сақтауға; әлеуметтік сала объектілерінің желісі мен құрамын оңтайландыруға; объектілердің толықтырылуын жобалық қуатына дейін жеткізуге; халықтың барлық жігінің әлеуметтік қызметтерді пайдалануының, сондай-ақ халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттары үшін атаулы жәрдем жүйесін қолданудың мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге; ғимараттарды, жабдықтарды пайдаланудың тиімділігін арттырудың, отын-энергетикалық және басқа да ресурстарды есептеу мен үнемдеудің режимін жаппай енгізудің есебінен объектілерді ұстауға арналған ағымдағы шығыстарды қысқартуды қамтамасыз етуге сүйенген жөн болар еді.

#### 4. Басымдықтарды іріктеудің принциптері

Негізгі басымдықтарды айқындау құқығы жергілікті атқарушы органдарға беріледі. Бұл жағдайда әлеуметтік сала объектілерін келешекте пайдалану тәртібіне қатысты шешім аймақ үшін маңызы, олардың қалалық және селолық жерлерге арналған тізімдік құрамы, қызмет аялары бойынша қызмет көрсетуге арналған шығыстарының көлемі, бюджеттің есебінен ұсталатын әлеуметтік сала объектілері бойынша да және кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілері бойынша да бір тұрғынға шаққандағы шығыстардың үлес салмағы және басқа ерекшеліктер ескерілетін экономикалық талдаудың негізінде қабылданады.

Білім саласында. Мектептер мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері желілерінің басымдылықтарын анықтау мен оңтайландыру және

рационализациялау мүмкіндіктерін қарастыра келіп, әрбір объектінің техникалық жағдайын, оның жарақаттануын, тізімдік құрамын және бір оқушыны (баланы) ұстауға арналған шығыстарын, қаралатын аймақтың аталмыш объектіге сұранымын және т.б. ескеру қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін беру кезінде олардың білім беру желісінің бірінші сатысы болып табылатын және мектеп жасына дейінгі 5-6 жастағы балалар үшін міндетті екені назарда ұсталуы тиіс.

Денсаулық сақтау саласында. Кәсіпорындарға ведомстволық бағыныштағы денсаулық сақтау объектілері денсаулық сақтаудағы жалпы қызмет көрсетудің салыстырмалы түрдегі шағын бөлігін білдіреді және тек жергілікті маңызы болады. Ұжымдар мен кеңшарлардағы алғашқы буынның медициналық объектілері қазіргі уақытта ауыр жағдайда тұрған алғашқы медициналық көмек жүйесінің маңызды бөлігін білдіреді. Оларға қалыпты қызмет етуі үшін жағдай жасай отырып, аймақтардың нақты ерекшеліктерін ескеру қажет.

Әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан бөлуді емдеу- профилактикалық мекемелер жүйесін оңтайландырудың жалпы жоспарының бір бөлігі ретінде жүргізген жөн. Аурухана секторын неғұрлым тиімді пайдалану қажет. Ол жекелеген стационарларды рационализациялауға, біріктіруге, сондай-ақ жабуға алғы шарт жасайды, ал осы шаралар есебінен үнемделген қаражаттар, денсаулық сақтау ұйымын ұстауға бағытталуы тиіс.

Басымдықтарды іріктеу кезінде мынадай өлшемдерді:

аурухана қызметтерін көшірмелеуді азайтуды, оларды халық үшін қолайлы жерлерде шоғырландыруды, тиімді жұмыс істейтін мекемелерді сақтауды, денсаулық сақтау қызметін оңайлатуды қамтамасыз етуді ұстану қажет.

Нарықтық экономика жағдайларына сәйкес келетін және өзін-өзі қаржыландыру принциптерімен дамытылатын аурухана секторын құру, сондай-ақ мемлекеттік медициналық сақтандыруда көзделінген денсаулық сақтау объектілерін қаржыландыру әдістерін қолдану қажет. Кейбір облыстарда облыс әкімдерінің шешімі бойынша облыстық және қалалық денсаулық сақтау басқармалары біріктірілді. Осындай жол табудың мүмкіндігін білім беру саласында да қолдануға болады.

5. Әлеуметтік қызмет көрсетудің ұтымды деңгейін қамтамасыз ету

Республика Үкіметі барлық азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсетулердің кепілді көлемін қамтамасыз етеді. Бюджетті құру кезінде облыстардың бір тұрғынға есептегендегі әлеуметтік қызмет көрсетулердің кепілді көлемін қаржыландыруға сұранымын ескеру қажет.

Ұсынылатын қызметтердің көлемі мен олардың түрлерін сақтауға қатысты нақты шешімдерді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің ұтымды деңгейін сақтау үшін негізгі жауапкершілік бұл жұмысқа жалпы басшылықты жүзеге асырушы облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне жүктеледі.

#### 6. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлімі), "Меншік туралы", "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялар, акционерлік қоғамдар және ұжымдық кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендірудің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 22 ақпандағы N 193 P950193\_ , "Кәсіпорындардың балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерді жергілікті атқару органдарына берудің және оларды одан әрі пайдаланудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 14 шілдедегі N 975 P950975\_ , "Конверсияланатын кәсіпорындардың балансында тұрған денсаулық сақтау, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері және тұрғын үй қоры объектілерін 1995 жылы жергілікті әкімдердің балансына беру туралы" 1995 жылғы 8 тамыздағы N 1098 қаулыларына сәйкес әлеуметтік объектілерді жекешелендіру және қабылдау-өткізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырудың нормативтік базасы қ ұ р ы л д ы .

Әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан бөлудің мемлекеттік стратегиясымен кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін таяу болашақта жергілікті атқарушы органдарға берудің негізгі жолдары мен принциптері, сондай-ақ Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпорындардың әлеуметтік активтерді сақтаудағы іс-қимылы мен жауапкершілігі қарастырылады .

#### 7. Әлеуметтік сала объектілерін беру кезіндегі іс-қимылдардың тәртібі

Әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына беру қоса беріліп отырған ұйымдастыру жоспарына (N 1 қосымша) сәйкес жүзеге асырылады.

##### 1996 жыл - ұйымдастыру кезеңі

Жер-жерде кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға қабылдау-өткізу жөніндегі әкімдер аппараттарының, олардың дербес атқарушы органдарының, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің, аталмыш объектілерді беретін кәсіпорындардың басшылары кіретін облыстық, аумақтық комиссиялар (бұдан әрі - Комиссиялар) құрылады. Комиссиялар берілетін объектілер бойынша деректерді жинау және талдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды

қамтамасыз етеді және басымдықты объектілерді айқындайды.

Әрбір берілетін объектілерге толық сипаттамасын (орналасқан жерін, қуаттылығын, жарақаттануын және т.с.с.) қамтитын сауалнама толтырылады. Объектілер бойынша деректердің үлгілік тізбесі қоса беріліп отыр (2 қосымша).

Сауалнаманың деректері беруші кәсіпорындар тарапынан толтырылады және  
Комиссияға ұсынылады.

Алынған ақпараттардың негізінде Комиссиялар қызмет түрлері бойынша (ауруханалар, емханалар, бала бақшалары және т.с.с.) топтастырылған берілетін объектілердің түгендеу тізімін жасайды.

Облыстар мен Алматы қаласы Әкімдердің тиісті бөлімдері оларды біріктіру жолымен әлеуметтік объектілер желілерін оңтайластырудың, қызметтердің қайталануын болдырмаудың, қызмет көрсету аймағын кеңейту есебінен жобалық қуатқа шығудың және с.с. нұсқаларын есептейді, қуаттары пайдаланылмай қалған бос тұрған объектілерді пайдалану жөнінде ұсыныс енгізеді.

Әлеуметтік сала объектілері жүйелерін оңтайландырудың іріктеліп алынған нұсқалары негізінде Комиссиялар мен әкімдер аппараттарының бөлімдері облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бекітетін кәсіпорындар беретін әлеуметтік маңызы бар объектілерді қабылдаудың 1997-1998 жылдарға арналған түпкілікті кестесін жасайды.

Берілетіндерді ескеріле отырып, әлеуметтік сала объектілері бойынша оларды ұстауға қажетті қаржылар есептеледі. Бұл объектілерді жергілікті бюджеттерден қаржыландырудың мүмкіндігі анықталады, ал шығыстардың жабылмайтын бөлігіне қаржыландырудың қосымша көздері іздестіріледі.

Ондай көздер :

ата-аналардың баланы ұстау үшін ақы төлеуін арттыру;  
қосымша ақылы қызметтер көрсету;  
әлеуметтік объектілерді жекешелендіруден және қолда бар жүйелерді оңтайландырудан алынған қаражаттар;  
берілген әлеуметтік объектілерді ауыспалы кезең бойы қолдауға ниет білдірген кәсіпорындардың қайырымдылық акциялары;  
беретін кәсіпорындардың үлестік қатысуы (келісімде немесе шартта көрсетіледі) ;

өзге де көздер болуы мүмкін.

Әлеуметтік салаға арналған қаражатқа жалпы қажеттілікті айқындау кезінде денсаулық сақтау объектілерін Медициналық сақтандыру қоры арқылы қаржыландыру тәртібі өзгергенін және қаражаты медициналық мекемелерді ұстауға пайдалануы мүмкін ақылы медициналық қызмет көрсетулердің көлемі артқанын ескеру қажет.

Облыстардың әлеуметтік саланы қаржыландырудағы қажеттілігін



индикативтік жоспардың жобалары мен бюджетті қалыптастырған кезде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен бірлесіп қарастырады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі индикативтік жоспардың жобалары мен жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезеңінде бақылау сандарының құрамында қалалық және селолық жерлер бойынша жеке алып, бір тұрғынға (бір балаға, оқушыға) шаққандағы денсаулық сақтау және білім беру объектілерін (аймақтар бойынша жеке тұрғыда) ұстауға арналған шығыстардың кепілді мөлшерінің көрсеткіштерін облыстарға жеткізеді.

Бұл көрсеткіштер денсаулық сақтау және білім беру объектілерін жергілікті бюджеттен ұстауға арналған шығыстардың жалпы көлемін айқындау кезінде, сондай-ақ аймақтарға республикалық бюджеттен субвенциялар көлемін айқындау кезінде ескерілетін болады.

Әлеуметтік сала объектілерін бөлу олардың аймақ үшін маңыздылығы, олардың желілерінің оңтайландырылуы, өзін-өзі қаржыландыру мүмкіндігі, жекешелендіру және бұл объектілерді ұстау мен пайдаланудың басқа да нысандары ескеріліп жүзеге асырылады.

Аталмыш кезеңде тұрғын үй-коммуналдық салаларын дотациясыз жұмыс істеуге көшіру аяқталады.

1997-1998 жылдар - әлеуметтік маңызы бар объектілерді жаппай жергілікті атқарушы органдарға беру кезеңі

Әлеуметтік объектілер мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, мектептер, денсаулық сақтау мекемелері бойынша:

1997 жылы - барлық берілетін объектілердің кем дегенде 40 процентін жергілікті бюджетке қабылдау-өткізу;

1998 жылы - мұндай объектілерді жергілікті атқарушы органдардың қабылдау-өткізуді аяқтауы қамтамасыз етіледі.

1999-2000 жылдар - аяқтау кезеңі

Бұл кезеңде қаржыландыру көздерін, оларды одан әрі пайдаланудың тәртібі мен шарттарын айқындау арқылы кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға беру жөніндегі жұмыстар толықтай аяқталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1996 жылғы "4" шілдедегі  
N 844 қаулысына

1-қосымша

Заңды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен беруді  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОСПАРЫ

---

р\с	шаралар	Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар
1.	Заңды тұлғалардың (кәсіпорындардың)	шілде 1996 ж	Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері
		әлеуметтік сала объектілерін атқарушы қабылдау - өткізу жөніндегі аумақтар	жергілікті органдарға комиссиясын
	ұйымдастыру		
2.	Берілетін әлеуметтік сала объектілерінің бойынша нысанда	шілде 1996 ж	Комиссиялар әрқайсысы белгіленген деректер
	жинау		
3.	Әлеуметтік сала объектілерінің бойынша	шілде 1996 ж	Комиссиялар түрлері түгендеу
	тізімдерін жасау		
4.	Білім беру, денсаулық сақтау объектілерін ұстауға арналған шығындардың ең аз мөлшерін анықтау тәртібін бекіту	шілде 1996 ж	Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша
5.	Аймақ бойынша бір адамға, мектеп жасына дейінгі бір балаға (оқушыға) денсаулық сақтау беру арналған	1996 жылдың 10 тамызына шаққанда	Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері дейін
		денсаулық сақтау және білім объектілерін ұстауға арналған шығыстардың ең аз	
	мөлшерін анықтау		
6.	Кәсіпорындардан қабылданатын әлеуметтік сала объектілерін отырып, сала	1996 жылдың 15 тамызына ескере аймақтың объектілері	Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері дейін әлеуметтік желілерін

- оңтайландыру жөніндегі  
варианттарды есептеу.  
Әлеуметтік саланы тиісті  
бюджет қаражаттары мен қосымша  
тартылған көздер есебінен  
ұстауға арналған қосымша
- сомалар қажеттілігін анықтау
7. Заңды тұлғалардан 1996 жылдың Облыстар мен Алматы  
(кәсіпорындардан) 20 тамызына қаласының әкімдері,  
жергілікті атқарушы дейін Комиссияның ұсынуы  
органдар балансына алынған бойынша  
әлеуметтік сала объектілерін  
қабылдау кестесін жасап,  
бекіту
8. Облыстар бойынша бюджеттің Қазақстан  
жәрдемақылар мөлшерін жасалу Республикасының  
белгілеу үшін қосымша мерзімдері Қаржы министрлігі,  
қаражаттар қажеттілігін облыстар мен Алматы  
ескере отырып, алдағы жылға қаласының әкімдері  
облыстар ұсынған әлеуметтік  
маңызы бар объектілерді  
қабылдау-өткізу кестелері  
жобасының мемлекеттік  
бюджетте жасалу  
мерзімдерін қарау
9. Тиісті жылға арналған 1997-1998 Облыстар мен Алматы  
қабылдау-өткізу кестесінде жылдар қаласының әкімдері,  
көзделген мерзімде заңды ішінде заңды тұлғалар  
тұлғалардың (кәсіпорындардың) (кәсіпорындар)  
әлеуметтік сала объектілерін  
қабылдау
10. Жергілікті бюджетке 1997-2000 Облыстар мен Алматы  
беруге жатпайтын ішінде қаласының әкімдері,  
әлеуметтік сала Мемлекеттік мүлікті  
объектілерін заңды басқару жөніндегі  
тұлғалардан аумақтық комитеттер,  
(кәсіпорындардан) бөлу; заңды тұлғалар  
қаржыландыру көздерін, (кәсіпорындар)  
олардың бұдан былай

п а й д а л а н у т ә р т і б і м е н  
шарттарын белгілеу

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1996 жылғы  
" 4 " ш і л д е д е г і  
N 844 қаулысына  
2 - қ о с ы м ш а

Объектілер бойынша түгендеу тізімдерін  
жасауға қажетті мәліметтердің үлгі  
тізбесі  
Ұйымның түрі: Мектепке дейінгі балалар мекемесі

---

Әлеуметтік сала объектілерінің сипаты	Ескертулер
---------------------------------------	------------

---

Атауы мен шарттық белгісі	Әрбір мектепке дейінгі балалар мекемесіне тіркеу үшін шарт нөмірі берілуге тиіс
Тұрған жері	Облыс, қала, аудан
Мекен-жайы	
Телефоны	
Меншік түрі	Материалдық-техникалық тұрғыда
қамтамасыз етілуі	
Ғимарат түрі	Қабаттылығы, бір (көп) қабатты үйлер бөлігі және басқалары
Алаңға орналасқан үйлер саны (ш.м.)	Оқу бөлмелерінің, офистердің, музыка залдарының, ас үйлердің және басқаларының саны
Коммуналдық қызметтер	Жылу жүйелері, электр, су, санитарлық объектілер
Іргелес аумақтар	Орналасқан аумағы (га) және ондағы салынған құрылыстар
Жалпы-техникалық ахуалы	Салынған жылы, сейсмикалық төзімділігі, құрылыс түрі (панельді, кірпіш, т.б.)
	ғимараттың тозуы
Пайдалану қуаты	(өткен және ағымдағы жылдар ақпараттары)

Топтар саны	Жынысы мен жасына қарай
	Балалар саны
Оқыту тілі	
Арнайы топтар	Дене бітімі және басқа
	кемістігі бар балалар үшін
	Жұмыс тәртібі
	Тамақтану тәртібі
	Балаларының мектепке дейінгі
	мекемелерге барғаны үшін
	төленетін төлемнен босатылған
ата-аналар проценті	
Персонал	Барлық қызметкерлер
	соның ішінде
негізгі персонал	
Бюджет	(соңғы жыл мен ағымдағы жылдың
	нақты бағалануы)
	персоналды ұстауға; жылу
	жүйесі мен басқа да
коммуналдық қызметтерге;	үйлер мен ғимараттарды
	жөндеуге;
	тамақтануға;
	басқаларына арналған
шығыстар	Кірістер:
	балансында мектепке дейінгі
	балалар мекемесі бар заңды
	тұлға арқылы бөлінетін қаражаттар;
	бюджеттік;
	көрсетілетін қызметтер
төлемі;	
басқалары	Ата аналар мен мұғалімдерден
	тартылғандары
Жалпы мәліметтер	
Жақын маңдағы балалар	Атауы, мекен жайы
бақшасы	
Жақын маңдағы бастауыш	Атауы, мекен жайы
мектеп	

Қамтитын ауданы

Балалардың жақын жердегі бала  
бақшадан қашықтығы, арнайы

көлігінің болуы

ЕСКЕРТУ: Басқа білім беру объектілері бойынша сауалнамалар  
олардың жұмыс ерекшеліктері мен қаржыландырылу  
тәртібін ескере отырып осыған ұқсас нысанда  
толтырылады.

Ұйымның түрі: Денсаулық сақтау объектілері

---

Әлеуметтік сала объектілерінің сипаты

Ескерту

---

Атауы мен шарттық белгісі	Әрбір мекеменің тіркелу үшін шарттық нөмірі болуға тиіс
Тұрған жері	Облыс, қала, аудан
Мекен-жайы	
Телефоны	
Меншік түрі	
Материалдық-техникалық ахуалы	(өткен және ағымдағы жылдың ақпараттары)
Ғимарат түрі	қабаттылығы, бір (көп) қабатты үйлер бөлігі және басқалары
Алаңға орналасқан үйлер саны	палаталар, кабинеттер, зертханалар, ас үйлер саны, т.б.
Коммуналдық қызметтер	Жылу жүйелері, электр, су, санитарлық объектілер
Іргелес аумақ	Орналасқан аумағы (га) және ондағы салынған құрылыстар
Жалпы-техникалық ахуалы	Салынған жылы, сейсмикалық төзімділігі, құрылыс түрі (панельді, кірпіш, т.б.)
Жабдықтар	үйдің тозуы жабдықтардың негізгі атаулары қызмет мерзімі, ахуалы
Операциялық қуаты	
Нақты қуаты	керует-орынның болуы
	Қызмет көрсетілетін
тұрғындар саны	

Қызмет көрсету түрлері	Мамандар қызметін қоса алғанда,
көрсетілетін қызмет түрлері	
Жұмыс сипаты	диагностикалық санат бойынша
	соңғы 12 ай ішінде емделген
ауру түрлері	
Жұмыс тәртібі	
Персонал:	
Барлық қызметкерлер	
соның ішінде	
негізгі персонал	
Бюджет	(соңғы жыл мен осы жылдың
	нақты бағалануы)
	Персоналды ұстауға; жылу
	жүйесі мен басқа да
коммуналдық қызметтерге;	
	дәрі-дәрмек пен орау-
байлау материалдарына	
	үйлер мен ғимараттарды
	жөндеуге;
	тамақтануға;
	басқаларына арналған
шығыстар	
	Кірістер:
	балансында денсаулық сақтау
	мекемесі бар заңды тұлға
	арқылы бөлінетін қаражаттар;
	бюджеттік кірістер;
	көрсетілетін қызметтер
төлемі;	
басқалары	қызмет түрлерін көрсету керек
Жалпы мәліметтер	
Жақын маңдағы соған	Атауы, мекен жайы
ұқсас мекеме	
Байланыстар	Пациенттерді емдеуге жіберетін
	ауруханалар, емханалар, басқа
да объектілер	
Қамтитын ауданы	осы мекеменің арақашықтығы,
	алыстығы, арнаулы көлігінің
болуы	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК